

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ



ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

КАФЕДРА ТЕОРИИ И ИСТОРИИ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА,
КОНСТИТУЦИОННОГО И АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРАВА

ИДЕИ КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМА И ПРОБЛЕМЫ
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВА И ПРАВА
В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

20 марта, 2012

Алматы

УДК 340
ББК 67.400
И29

Редакционная коллегия:

доктор юридических наук, профессор Д.Л. Байдельдинов
доктор юридических наук, профессор Г.Р. Усеинова
доктор юридических наук, профессор З.Ж. Кенжалиев
доктор юридических наук, профессор Д.М. Баймаханова
доктор юридических наук, профессор А.Е. Жатканбаева
доктор PhD Н.С. Туякбаева

Идеи конституционализма и проблемы развития казахстанского государства и права в современных условиях - Алматы: 2012. - 217с.

ISBN 978-601-247-468-8

В настоящем сборнике представлены материалы научных докладов участников республиканской научно-практической конференции «Идеи конституционализма и проблемы развития казахстанского государства и права в Послании Президента Республики Казахстан «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана»» по актуальным проблемам становления развития подлинного конституционализма и всех элементов его системы в РК.

Материалы представляют интерес для научных сотрудников, преподавателей, PhD - докторантов, магистрантов, студентов и широкого круга читателей.

В сборнике материалы опубликованы в редакции авторов.

УДК 340
ББК 67.400

ISBN 978-601-247-468-8

©Казахский Национальный университет им. аль-Фараби

СОДЕРЖАНИЕ

САРТАЕВ С.С. Определяющая роль Президента Республики Казахстан в развитии суверенного Казахстана	6
БАЙДЕЛЬДИНОВ Д.Л. Послание Президента - интеллектуальный ориентир КазНУ.....	11
УСЕИНОВА Г.Г. Правовые основы борьбы с экстремизмом.....	15
КЕНЖАЛИЕВ З.Ж. Некоторые итоги и перспективы конституционно-правового развития Республики Казахстан (1991-2011 г).....	19
АЛИБЕКОВ С.Т. Формы проявления интеграции в Содружестве Независимых Государств (СНГ).....	25
АЙТХОЖИН К.К. Вопросы реализации действующего права в контексте задач Послания Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана».....	32
АЛИБАЕВА Г.А. Место и роль Президента Республики Казахстан в системе исполнительной ветви власти страны.....	40
БАЙМАХАНОВА Д.М. Развитие системы конституционализма в Республике Казахстан как одно из направлений модернизации общественно-политической сферы.....	53
ИБРАЕВА А.С., Сериккулы А. Некоторые проблемы совершенствования деятельности Парламента Республики Казахстан: обобщение различных точек зрения	59
ЖАТКАНБАЕВА А.Е. Основное направление развития правовой системы РК - становление подлинного конституционализма.....	64
НЕЗДЕМКОВСКИЙ В.В. Национальные автономии: политико-правовой статус и перспективы развития.....	70
ЛАПТЕВА Н.Г. Экологическая политика Казахстана.....	76
ШАРИПОВ Ш.М. Вопросы совершенствования прокурорского надзора в свете Послания Президента РК «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана».....	80
СУЛЕЙМЕНОВА С.Ж. Принципы правовой охраны водных объектов от загрязнения, засорения, истощения.....	82

АБДРАШЕВ Р.М.	
Проблемы борьбы с экстремизмом в Республике Казахстан.....	86
ЖАРБОЛОВА А.Ж.	
Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың біртұтастығы қағидасының сипаты және оның өзгертілуі.....	90
ТАЙГАМИТОВ Г.Д.	
Еуразиялық кедендік құқықтық құрылудың қайнар көздері мен денгейлері.....	94
КУСАИНОВ Д.О.	
Проблемы реформирования и модернизации государственных органов в свете Послания Президента Республики Казахстан «Социально - экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана»...	97
МЪШБАТЫРОВА Н.К.	
Қазақ қоғамындағы билік айту дәстүрі (кейбір билік шешімдерге талдау).....	101
САРТАЕВ С.А.	
Некоторые проблемы содержание и понятие принципа гуманизма юридической ответственности.....	106
ЕСЕТОВА С.К.	
0 некоторых вопросах конституционно-правового регулирования миграции в Республике Казахстан.....	111
БАЯНДИНА М.О.	
Проблемы реабилитации в уголовном процессе.....	116
САГИНАЕВ М.Е.	
Альтернативность выборов как фактор демократичности избирательной системы.....	121
ОСТАНОВА Д.А.	
Роль института ограничений прав и свобод граждан.....	126
УСЕИНОВА К.Р.	
Международное сотрудничество в области противодействия экстремизму.....	133
ГУБАЙДАЛЛИН М.	
1 Правовые традиции и обычаи казахов и роль биев в судебной-правовой системе Казахстана и его последствия в период проведения колониальной политики царской России.....	136
ТОКМАМБЕТОВА И.Ш.	
Вопросы правового регулирования отношений, связанных с наследованием объектов интеллектуальной собственности.....	144
СМАНОВА А.Б.	
Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтық қоғамды калыптастырудың негізгі іргетасы.....	152
КАРАТЕВА А.М.	
«Осы заманғы мемлекеттің функциясы».....	158

ТЕМГРБОЛАТ Н.С., ГОБАСОВА А.Б.	
Зансыз алынған ақша қаражатын заңдастырудың кейбір мәселелері.....	160
ДАУБАСОВА С.Ш.	
Дипломатия тарихының кейбір мәселелері және Қазақстандағы халықаралық қарым-қатынастың қалыптасуы.....	164
БЕРИМКУЛОВ Б.О.	
Особенности организации расследования по делам о лжепредпринимательстве.....	175
ШАЛАБАЕВ К.К.	
Теоретические вопросы развития института нробации в Казахстане.....	183
БУРЛИБАЕВ С.М.	
Профсоюзные органы как сторона социального партнерства.....	188
БАТЫРБАЕВА Ж.	
Практика заключения трудовых договоров в Республике Казахстан: проблемы и перспективы совершенствования.....	196
АЛДАШЕВ Н.С.	
Кәметкетолмағандардың жауапкершілікке қарту ерскшеліктері.....	202
DAWLETNIIASOW T.	
Einige Fragen der Modernisierung des gerichtlichen Systems Reptiblik Kasachstan.....	206
ДАУЛЕТНИЯЗОВ Т.	
Некоторые вопросы модернизации судебной системы Республики Казахстан в свете формирования стабильного казахстанского общества ..	212

нысаны орын алған: құқық шығармашылық, құқық атқарушылық және құқық қорғаушылық.

Мемлекет функциясының іске асырылуы үрдісінде құқықтық емес нысандар ұйымдастырушылық-әзірлеушілік жұмыстардың ауқымын қамтиды. Мұндай қызмет қажетті әрі құқыққа сай болып табылады, бірақ заңи маңызды әрекеттермен байланысты емес болып табылады. Мысалы, заң істерін шешу барысында әртүрлі ақпараттарды жинау, рәсімдеу мен оқып, танысу жөнінде әзірлеу жұмыстары, азаматтардың хаттарымен, өтініштерімен танысу және т.б.

Темірболат Нурайша Сериккалиевна - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің қылмыстық құқық, қылмыстық іс-жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті

Избасова Асель Борановна - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің қылмыстық құқық, қылмыстық іс-жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы

Заңсыз алынған ақша қаражатын заңдастырудың кейбір мәселелері

Заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыру халықаралық масштабта таралған, біздің мемлекетіміздің үкіметтік құрылымы мен қаржы-несиелік тұрақтылығына, сенімділігі мен біртұтастылығына әсер ететін галамдық қауіпке айналды. Бұл өз кезегінде қылмыскерлерді өздерінің заңсыз табылған пайдаларының қайнар көздерінен айыру мен аталған құбылыспен күресуге байланысты шаралардың кейінге қалдырмай қабылдануын талап етеді.

Қазақстан Республикасында заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыру Қылмыстық кодекстің «Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру» 193-бабымен криминализацияланған. Аталған бапқа сәйкес заңсыз жолмен алынған ақша қаражатымен немесе өзге мүлікпен қаржылық операциялар немесе басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты аталған қаражатты немесе өзге де мүлікті кәсіпкерлік немесе өзге де экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалану заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыру қылмысы болып табылады.

«Заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыру» (money laundering) термині алғаш 80-жылдарда АҚШ-та есірткі бизнесіне қатысты қолданылып, заңсыз долмен алынған ақшаны заңды ақшаға аудару процессін білдірген болатын. Бұл түсінікке байланысты көптеген анықтамалар ұхынылған.

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу бойынша АҚШ-тың президенттік комиссиясы келесідей тұжырымдаманы қолданды: «Заңсыз жолмен табылған

ақшаны заңдастыру бұл заңсыз табылған табыстың пайда болуын, қолданылуын жасырып, кейін бұл табыстарды заңды негізде алынғандай етіп бұрмалау процесі».

Халықаралық құқықта қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыруға («отмывания») анықтама батыс елдерінің заңнамасының дамуына үлкен ықпалын тигізген БҰҰ-ның 19 желтоқсан 1988 жылғы «есірткі заттары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» Вен конвенциясында берілген болатын [1]. Аталған Конвенцияның 3-бабына сәйкес қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыру («отмыванием») болып:

- конверсия немесе мүлікті беру, егер мұндай мүлік құқық бұзушылық нәтижесінде алынған болса немесе мүліктің заңсыз қайнар көзін жасыру не мұндай құқық бұзушылық жасаушыларға көмектесу мақсатында жасалған болса;

- табысты жасыру, яғни қылмыстық жолмен алынған мүліктің қайнар көзін жасыру, орналасқан жерін, орын ауыстыруын және оның біреуге қатыстылығын жасыру мақсатында жасалған болса;

- құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлік екендігін біле тұра ол мүлікті сатып алатын, иеленетін немесе пайдаланатын болса;

- жоғарыда аталған құқық бұзушылықтардың бірін жасауға қатысу[2].

БҰҰ-ның 1988 жылғы Вен Конвенциясы қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыру («отмывания») қылмысы ретінде есірткі заттарының заңсыз айналымынан түскен қаражатты заңдастыруды таныды. Сонымен қатар ұйымдасқан қылмыстылықтың дамуы да қылмыстық қызмепіц басқа да салаларынан түсетін табыс кездерінің осуіне алып келді. Мұндай табыстың жартысы заңдастырылып, заңды экономикаға инвестицияланды.

Қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастырудың негізгі мақсаты болып:

- табыстың алыну көздерін жасыру;

- табысты заңды негізде алынғандай етіп көрсету;

- заңдастыру процессін жүзеге асырушы тұлғаларды жасыру;

- салық төлеуден жалтару;

- заңсыз көздерден алынған ақша көздеріне ыңғайлы және жедел қол жетімділігін қамтамасыз ету;

- мұндай ақша көздерін қауіпсіз пайдалануға жағдай жасау мен заңды бизнеске инвестициялаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету табылады.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңының 1-бабына сәйкес заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) - заңсыз жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті мәмілелер жасау арқылы заңды айналымға тарту, сол сияқты көрсетілген ақшаны және (немесе) өзге мүлікті пайдалану деген анықтама берілген [3].

Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын заңдастыру процесі үш фазалық модельден тұрады. Ол кең таралған және заңдастырудың біртұтас процессін үш кезеңге бөлуді көздейді: орналастыру (*placement*), жіктеу

(layering) және интеграция *(integration)*. Аталған үш саты бір уақытта немесе бірінен кейін бірі жүзеге асырылады. Бул заңдастырудың механизміне және қылмыстық топпен ұсынатын талаптарына байланысты болады[4].

Орналастыру *(placement)* ретінде қолма-қол ақшаны дәстүрлі және дәстүрлі емес қаржылық мекемелерге, бөлшек сауда немесе мемлекеттен тыс жерлерге орналастыруды түсіну керек. Ірі мөлшердегі ақша қаражатын орналастыруда бұл саты заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыру процессінің әлсіз тұсы болып табылады.

Жіктеу (layering) - құқық қорғау органдарының әрекеттерін қиындату мақсатында әртүрлі қаржылық операциялар жүргізу арқылы заңсыз алынған табысты олардың қайнар көздерінен жасыру.

Интеграция (integration) - қылмыстық жолмен алынған қаражатқа заңды көрініс беру. Яғни, бұл сатыда қылмыстық қауымдастықтар заңдастырылған капиталды жоғары кірісті бизнес саласына инвестициялайды. Егер алдыңғы екі сатыда ақша қаражатын заңдастыруды анықтау мүмкін болмаған болса, онда интеграция сатысында оған тек агенттің қызметінің нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады.

Қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастыруда жиі кездесетін салаларға мыналарды жатқызуға болады:

1. Құнды қағаздар брокерлері, асыл тастар, металдар және көркемөнер бұйымдарының алып сатарлары;
2. Казино және басқа да құмар ойындар;
3. Көлік, самолет, қозғалмайтын мүлік алып сатарлары мен брокерлері;
4. Адвокаттар, нотариустар және бухгалтерлер;
5. Сактандыру компаниялары;
6. Ойын-сауық кешендері.

Қазақстанда капиталды заңдастырудың кең тараған әдісі болып жеке адамдардың қаржылық институттарда есеп шоттарын ашып, оларға қолма-қол ақша салып, кейін жалған компаниялардың шоттарына аудару табылады. Өз кезегінде ол компаниялар салынған ақшаларды басқа жерге аударып отырады. Сонымен қатар, жалған шоттарды пайдалану, екі жақты бухгалтерия, жалған контрактілер, қаржылық қаражатты шетелдегі жалған компаниялардың шоттарына аудару арқылы да жүзеге асырылып жатады.

Қазіргі таңда Қазақстанда қылмыстық капиталды заңдастыруға объективті экономикалық жағдай жасалған десек те болады. Мысалға, есірткінің заңсыз айналымы, жезөкшелік, астыртын ойын бизнесі, ұйымдасқан қылмыстылық, мемлекет қазынасының тоналуы, лицензиясыз видео бизнес, басқа біреулердің авторлық құқықтарын заңсыз пайдалану және жасырын алкоголь өндірісі және тағы басқалары.

Қазақстанда бұл жағдайдың ушығуы шаруашылық айналымның үлкен бөлігінің қолма-қол ақшамен қызмет көрсетілетіндігіне де байланысты болады. Кейбір бағалаулар бойынша шаруашылық айналымның 60-80 %-ке дейін қолма-қол ақшамен қамтамасыз етіледі екен.

Қазақстанның бизнес қауымдастығы заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет етуге бағытталған ұлттық жүйені дамытудың қажет екендігін түсінеді және осы бағытта қызмет атқаратын органдармен әрекеттесуге дайын.

Қазіргі таңда Қазақстанда 28 тамыз 2009 жылы қабылданған «Заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету туралы» ҚР заңы толыққанды әрекет ете бастады. Аталған заңның күшіне енуі бұл «қылмыстық жолмен алынған ақша қаражатын заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға қарсы» халықаралық жүйеге ықпалдасу бағытындағы мемлекеттің маңызды қадамы десек те болады. Бұл өз кезегінде ұлттық экономика мен заңды бизнестің дамуына жағымды әсер етеді.

Заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет етуге байланысты ұлттық жүйені жетілдіру мақсатында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық Қазақстанның маңызды бағыты. Бул мағынада ЕАҒ (заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет етуге байланысты Евразиялық топ) өзара ынтымақтастық Қазақстанның заңдастыруға қарсы режимін үндестіруге және оны халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестендіруге маңызды үлес қосады деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Группа разработки финансовых мер борьбы с отмыванием денег (ФАТФ). Сорок рекомендаций. 20 июня 2003 года
2. В. Н. Мельников, А. Г. Мовсесян Противдействие легализации незаконных доходов Издательство: МЦФЭР, 2007 г.
3. Закон Республики Казахстан О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма от 28.08.2009 N 191-4
4. Е.А. Абрамова "Грязные" деньги и закон: Сб. матер. / М.: Инфра-М. 1995. С. 3 - 41.